

SMG қызметтері

Жалпы құпиялылық саясаты

Күшіне енген күн: Наурыз, 2018

Бұл Құпиялылық саясаты SMG компаниясының жарияланған, сілтеме немесе анықтама ретінде жіберілген осы және басқа да вебсайттар, қызметтер мен қолданбалар, соның ішінде мобильді қолданбалар арқылы жиналған жеке мәліметтерді өңдеуіне қатысты (жалпы айтқанда, “**SMG қызметтері**”). “Жеке деректер” – анықталған немесе анықталатын жеке тұлғаға қатысты ақпарат. SMG қызметтері Service Management Group, LLC, Service Management Group Limited, Service Management Group GK, және тиісті бөлімшелердің (барлығы бірге “**SMG**,” “біз”) жеке меншігі болып табылады және/немесе олардың еншілес компаниясы болып табылады. Бұл Құпиялылық саясатында сіздің Жеке ақпаратыңызды қалай жинап, өңдейтініміз көрсетілген.

ОСЫ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕНІ МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ Сіздің Жеке деректеріңіз осы Құпиялылық саясатында көрсетілгендей жиналып, өңделеді.

Егер мәлімдемені оқымасаңыз, біздің вебсайттарды, қолданбаларды, қызметтер мен мобильді қолданбаларды (“SMG қызметтерін”) пайдалану шарттары көрсетілген SMG Қызмет көрсету шарттарын қараңыз.

ЕГЕР СІЗ ОСЫ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР БӨЛІГІ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТ ШАРТТАРЫМЕН КЕЛІСПЕСЕҢІЗ, ЕШҚАНДАЙ SMG ҚЫЗМЕТТЕРІН ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.

- 1. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ**
- 2. SMG ӨНДЕЙТІН ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІҢ САНАТТАРЫ**
- 3. БІЗ АҚПАРАТТЫ ҚАЛАЙ ЖИНАЙМЫЗ ЖӘНЕ ӨНДЕУ МАҚСАТТАРЫ**
- 4. ӨНДЕУДІҢ ЗАҢДЫ НЕГІЗДЕРІ**
- 5. БІЗ ЖЕКЕ АҚПАРАТТЫ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНАМЫЗ ЖӘНЕ ЖІБЕРЕМІЗ**
- 6. ЖЕКЕ АҚПАРАТТЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ЖОЮ**
- 7. ЖЕКЕ АҚПАРАТТЫ ӨНДЕУГЕ ҚАТЫСЫ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗ БЕН ТАҢДАУЛАРЫҢЫЗ**
- 8. ЖЕКЕ АҚПАРАТТЫ БЕРМЕУДІҢ САЛДАРЫ**
- 9. СООКІЕ ФАЙЛДАРЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСАТ**
- 10. ЕСЕПТІК ЖАЗБАҢЫЗ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БАСҚАРУ**
- 11. БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ**
- 12. ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ СІЛТЕМЕЛЕР**
- 13. АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІ**
- 14. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ЖЕКЕ АҚПАРАТТЫ БАСҚА ЕЛГЕ ЖІБЕРУ**
- 15. БІЗБЕН ҚАЛАЙ БАЙЛАНЫСУҒА БОЛАДЫ**
- 16. ДЕРЕКТЕР БАҚЫЛАУШЫСЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУҒА ЖАУАПТЫ ТҰЛҒА**

1. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

Біз Құпиялылық саясатына әсер ететін өзгерістер енгізген сайын, берілген Құпиялылық саясатын үнемі жаңартып тұрамыз, өзгерістерге келесілер жатады: жаңа қызметтер мен қолданбалар қосу, қызметтерді жақсарту, технологиялар мен заңнамалардағы өзгерістерді көрсету. Жоғарыда көрсетілген Құпиялылық саясатының күшіне ену күні - Құпиялылық саясатының соңғы рет жаңартылған күнін білдіреді. Егер бұл өзгерістер маңызды болса, SMG сізге ескерту жібереді, қажет болса, қолданыстағы заңнамаларға

сай сізден рұқсат алынады. Бұл ескерту біздің вебсайтымызда немесе қолданбамызда ескертуді шығару арқылы беріледі.

2. SMG ӨНДЕЙТІН ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІҢ САНАТТАРЫ

SMG компаниясы өзінің тауарлары мен қызметтері туралы тұтынушылардың тілектерін жақсырақ түсінгісі келетін компаниялардың атынан нарық зерттеулерін жүргізеді. Бұл компаниялар біздің “**Клиенттер**” болып табылады. Біз клиенттеріміздің атынан сауалнама жүргіземіз (жалпы айтқанда, “**Сауалнамалар**”) және сол ақпаратты тұтынушыдан пікір алу, яғни, олардың сауда орындарына қашан, қайда баратыны және алатын әсері туралы мәліметті алу үшін пайдаланамыз. Сіз сауалнаманы толтырғанда немесе SMG қызметтерін қолданғанда, сіз өз еркіңізбен беретін Жеке ақпаратты жинаймыз.

Біз жинайтын жеке ақпаратқа келесілер кіреді: (1) байланыс деректері (яғни, электрондық пошта мекенжайы, телефон нөмірі, және жұмыс беруші); (2) демографиялық мәлімет (яғни, жынысы, туған күні, индекс); (3) сауалнамаға жеке тұлғаны анықтайтын немесе сіздің жеке сәйкестігіңізді растайтын шамадағы берген жауабыңыз; және (4) SMG қызметтерін қолдануыңызға қатысты мәлімет (“Қолдану мәліметі”).

Қолдану мәліметі келесі мәліметтерден тұрады: (1) IP мекенжайы; (2) домен сервері; (3) қызметтерге кіретін құрылғы(лар) түрі; (4) құрылғы моделі, оператор/желі, батареяның қалған қуатының негізінде орынды анықтауды оңтайландыруға арналған батареяның қызмет ету мерзімі туралы ақпарат және құрылғының қолданылуы туралы жалпы статистика сияқты браузеріңіз немесе құрылғыңызбен әрекеттесу туралы ақпарат және статистика; (5) бізге құрылғыңыз арқылы орналасқан жеріңіз (немесе ұқсас деректер) туралы мәліметті алуға рұқсат берген жағдайда, нақты уақыттағы GPS немесе басқа да геолокациялық деректер; (6) сіз Қызметтерге кіретін сілтемелік веб-парақша немесе басқа көздер. Сіз сауалнамаларды онлайн толтырғанда, алаяқтықты анықтау және алдын алу мақсатында құрылғыңыз туралы бірқатар бірегей атрибуттар жинаймыз.

3. БІЗ АҚПАРАТТЫ ҚАЛАЙ ЖИНАЙМЫЗ ЖӘНЕ ӨНДЕУ МАҚСАТТАРЫ

Сіз берген және сіздің SMG қызметтерін қолдануыңыз туралы ақпаратты жинап, өңдейміз. Біздің ақпаратты қалай жинап және оны қалай өңдейтініміз сіздің SMG қызметтеріне кіріп, оларды қолданғаныңызға байланысты болады.

Сізден: Біз мәліметтерді сізден төмендегі жағдайларда аламыз:

- **Сауалнама толтыру:** Сіздің сауалнама жауап бергендегі тұтынушы ретінде алған әсеріңіз және тілектеріңіз туралы ақпаратты жинаймыз. Біз сауалнамадағы жауаптарыңыздан алынған мәлімет пен біздің Клиенттерден алынған мәліметті біріктіруіміз мүмкін, мысалы, тұтынушы тәжірибеңізді жақсырақ түсіну үшін сіздің Клиенттің бейілділік бағдарламасына қатысуыңыз туралы ақпарат. Барлық тұтынушылардың тәжірибесін жақсырақ түсіну үшін, біз сауалнамадағы жауаптарыңыздан алынған ақпарат пен басқа қолданушылардан алынған ақпаратты біріктіруіміз мүмкін. Сауалнаманы толтырған кезде сіздің беретін ақпаратыңыз Клиенттеріміз үшін жасалатын есептерде және басқа да тұтынушылардың тәжірибелері мен қалауларын талдауда немесе ақпарат жиналған уақытта сізге хабарланатын мақсатта қолданылады. Егер сіз ақпаратыңыздың есептерде, талдауларда немесе басқа жолмен жариялануын қаламасаңыз, сауалнаманы толтырмауыңызға болады.

- **SMG қызметтерін қолдану** Сіз cookies файлдарын және деректер жинайтын басқа құралдардың көмегімен SMG қызметтерін пайдаланған кезде, біз Қолдану мәліметтерін автоматты түрде жинаймыз. Біз бұл Қолдану мәліметтерін сіздің құрылғы мен біздің жүйенің арасындағы байланысты жақсарту, сауалнамалар жүргізу, зерттеудің толықтығын қамту, алаяқтықты анықтау және алдын алу, нарық зерттеулерін жүргізу, біздің вебсайтымыз бен қолданбаларымызды басқару және жақсарту, SMG қызметтерін қолдануды талдау, жақсарту және кеңейту мақсатында қолданамыз. Cookies файлдарын және соған ұқсас дерек жинау құралдарын қалай және неге қолданатынымыз туралы толық мәлімет алғыңыз келсе, осы Құпиялылық саясатының “Cookie файлдары саясатын” қараңыз.
- **SMG қызметтерін қолдану кезінде жеке мәліметтеріңізді жіберу:** Сіз SMG қызметтерін қолдануға қатысты Жеке мәліметтеріңізді бергенде, мысалы, көмек қажет болғанда бізбен байланысу немесе біздің Клиенттеріміздің біріне қатысты өз тәжірибеңіз туралы мәлімет бергенде, сіз берген мәліметті жинап, талдаймыз. Сіз SMG компаниясына түсініктеме жібергенде, сіздің берген мәліметіңіз Клиенттерге көрсететін қызметтерімізге және жалпы нарық зерттеулерімізге көмегін етеді. Сіздің рұқсатыңызбен түсініктемелеріңіз TrumpetRatings.com сайтында және/немесе біздің Клиенттеріміздің вебсайтында жарияланады. Мұндай мәлімет TrumpetRatings.com сияқты қоғамдық форумдарда және басқа жалпы қоғамдық вебсайттарда жарияланса, ондай мәлімет қоғамдық мәліметке айналады. Сіздің жазғаныңызды үшінші тараптар көруі және/немесе алуы мүмкін және олар біз бақылай алмайтын немесе болжай алмайтын жолдармен пайдаланылуы мүмкін.
- **SMG қызметтеріне әлеуметтік желі деректері арқылы кіру:** Белгілі бір SMG қызметтеріне кіру үшін SMG сізге әлеуметтік желі қызметтері (жалпы айтқанда, “**Әлеуметтік желі**”) арқылы кіру мүмкіндігін ұсынуы мүмкін. SMG қызметтеріне ақпараттық құралдардың тіркеу деректері арқылы кіруді таңдасаңыз, құпиялылық параметрлеріне байланысты, SMG сіздің аты жөніңіз, электрондық пошта мекенжайыңыз, профиль суреті, жазбалар, түсініктемелер және әлеуметтік желідегі аккаунтыңызға қатысты басқа да мәліметтер сияқты әлеуметтік желі платформасына берген мәліметтеріңізді көруі мүмкін. Бұл мәліметтерді біз Құпиялылық саясатында берілген кез келген мақсатта және мәлімет жиналған кезде сізге хабарланған қосымша мақсаттарда қолдана аламыз. Егер сіз сіздің әлеуметтік желідегі ақпаратыңыздың SMG әлеуметтік желі провайдерімен бөлісуін қаламасаңыз, SMG қызметтеріне әлеуметтік желідегі аккаунтыңызбен кірмеңіз.

Біздің Клиенттерімізден. Біздің кейбір өнімдеріміз бен қызметтерімізге Клиенттеріміз бізге олардың бренді, өнімдері мен қызметтері туралы ақпарат жіберуі мүмкін, онда сіздің Клиенттерімізбен жасаған транзакцияларыңыз туралы мәліметтер мен сіз тіркелген бейінділік бағдарламаларға қатысты мәліметтер болуы мүмкін. Бұл ақпаратты нарық зерттеулерін күшейту үшін және Клиенттерімізге көрсететін қызметтерді жақсарту үшін жиналған басқа мәліметпен біріктіруіміз мүмкін.

4. ӨНДЕУДІҢ ЗАҢДЫ НЕГІЗДЕРІ

- 4.1. Біз сіздің байланыс деректеріңізді, демографиялық деректерді және SMG қызметтерін пайдаланудағы және сауалнаманы толтырған кездегі жауаптарыңызды өңдейміз. Біз мұндай Жеке мәліметтерді, Клиенттеріміздің тұтынушыларына ұсынатын өнімдер мен қызметтерін жақсартуына көмектесу үшін олардан жауап алуға негізделген қызығушылықтары негізінде және SMG өнімдері, қызметтері және нарықтық зерттеулерге және қолданушылардың

көмек немесе ақпарат сұрауына жауап беруді жақсартуға негізделген қызығушылықтарына сай өңдейміз.

- 4.2. Біз сіздің Қолдану деректеріңізді сауалнаманы толтырғанда немесе SMG қызметтерін қолданғанда өңдейміз. Сіздің Қолдану деректеріңізді, SMG cookie файлдарын және дерек жинау технологияларын қолдануға сізден рұқсат алған соң, сауалнаманы жалғастыруды таңдаған соң өңдейміз. Өз рұқсатыңызды біздің деректерді қорғау маманының мына электрондық поштасына хабарлау арқылы қайтаруыңызға болады: privacyofficer@smg.com, Service Management Group, LLC, 1737 МакГи көшесі, Канзас қаласы, MO 64108.
- 4.3. Сіздің әлеуметтік желі платформасына берген ақпаратыңызды, сіз SMG қызметтері мен әлеуметтік желі қызметтерін қолданған кезде құпиялылық параметрлеріңізге сәйкес өңдеуіміз мүмкін. Мұндай мәліметті сіз әлеуметтік желідегі құпиялылық параметрлерінде берілген рұқсатыңыздың негізінде өңдейміз. Құпиялылық параметрлеріңізді әлеуметтік желідегі деректеріңізге кіре алмайтындай күйге ауыстыру арқылы өз рұқсатыңызды қайтаруыңызға болады.
- 4.4. Сіздің Клиенттеріңіздің брендтері, өнімдері мен қызметтерімен өзара іс әрекеттеріңізге қатысты олардан алынған мәліметті өңдейміз. Біз ондай мәліметті, SMG және SMG Клиенттерінің негізделген қызығушылықтарына сай өңдейміз, оның ішінде, SMG және SMG Клиенттерінің өнімдері мен қызметтерін жақсарту, SMG нарық зерттеулерін кеңейту.

5. БІЗ ЖЕКЕ АҚПАРАТТЫ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНАМЫЗ ЖӘНЕ ЖІБЕРЕМІЗ

Біз алған немесе сіз ұсынған мәліметтерді қалай қолданып, таратуымыз, сіздің SMG қызметтеріне кіруіңізге немесе оны қолдануыңызға байланысты. Заңнамалар талаптарына сәйкес, қажет кезде, SMG сіздің үшінші тараптарға жеке мәліметтерді таратуды азайту туралы сұранысыңызды орындайды.

- **Сіздермен байланысу** Сіздің Жеке мәліметтеріңізді, қажетінше, ара-қатынасымызды басқару және сізбен пошта, телефон, электрондық пошта, мобилдік ескертулер немесе қысқа хаттар арқылы байланысу үшін қолданамыз. Егер сауалнамаға жауап беруші байланысуды нақты сұрамаса, SMG сауалнамаға жауап берушіге хабарласпайды, тек келесі қажетті кездерде хабарласады: сауалнаманың толықтығын растау, сауалнаманы жіберу, сауалнама нәтижесінде берілетін мадақтаулар мен сыйақыларды ұсыну немесе тұтынушыларға қызметтер ұсыну. Сонымен қатар, SMG сіздің Жеке мәліметтеріңізді тікелей нарықтық мақсаттарда қолданбайды, ондай жағдай орын алған кезде, біз жеке мәліметіңізді қай клиент үшін алсақ, сол клиенттің құпиялылық деректерін қараңыз. Біз сіздің Жеке мәліметтеріңізді біздің ара-қатынасымызды басқаруға көмектесетін қызмет көрсетушілерге жіберуіміз мүмкін.
- **Сіз сұраған қызметтерді көрсету** Біз сіздің Жеке мәліметтеріңізді сіз сұраған қызметтерді көрсетуге немесе сіз бастаған жұмыстарды жүргізу үшін қолданып, жібере аламыз, мысалы, сіз мәліметті немесе материалдарды хабарлау орындарында немесе біздің ақпараттық құралдар парақшаларында жариялағанда. Сонымен қатар, сіз рұқсат берген жағдайда, біз сіздің Жеке мәліметтеріңізді сіз SMG қызметтері арқылы байланысатын тұлғаларға хабарлауымыз мүмкін. Әрі қарай, біз сауалнама нәтижесінде берілетін мадақтаулар мен сыйақыларды ұсыну мақсатында сіздің Жеке мәліметтеріңізді үшінші тарапқа жібереміз. Егер сіз ұтысқа немесе науқандарға қатысқыңыз келсе, сіздің мәліметіңізді науқан жүргізетін үшінші тараптың

администраторларына жібереміз, сонда олар сіздің сұрақтарыңызға жауап беріп, ұтқан сыйлығыз немесе науқанға қатысты сұрақтармен сізге хабарласа алады.

- **Қолдануды талдау және SMG қызметтерін жақсарту** Cookie файлдары және басқа дерек жинау құралдарынан алынған жеке мәліметті, талдау жасау, алаяқтықты анықтау және SMG қызметтерін жақсарту үшін пайдаланамыз. Біз жеке тұлғалардың SMG қызметтерін қалай қолданатынын талдау үшін, үшінші тарап вебсайт талдау қызметтерін пайдаланамыз, оның ішінде, тінтуірдің басылуын, қозғалысын тіркеу, айналдыру әрекеттері және мәтін ұяшықтарына жазылатын мәтін. Біз осы үшінші тарап қызметтерінен алынған мәліметтер, қолданушыларымыз SMG қызметтерін қалай тауып, қалай қолданатынын жақсырақ түсіну үшін, қызметтерді кеңейту және қолданушы тәжірибесін жақсартуға көмек ретінде пайдаланамыз.
- **Басқа қызмет көрсетушілерге деректер жіберу** Біз деректер орналастыру, сақтау, қауіпсіздік жұмыстарымен айналысатын басқа қызмет көрсетушілерге сіздің деректеріңізді, оның ішінде Жеке мәліметтеріңізді жіберуіміз мүмкін. Сонымен қатар, біз сіздің Жеке мәліметтеріңізді вебсайттың рейтингі мен қараулар сияқты басқа да тиісті SMG қызметтерді жасау үшін, қажет кезде жібереміз.
- **Клиенттерге деректер жіберу** Клиенттеріміздің бірімен болған қолданушылық тәжірибеңізге қатысты сауалнаманы толтыру үшін SMG қызметтеріне кірсеңіз, біз сол клиентке сіздің жауаптарыңыз бен сіз туралы жиналған Жеке мәліметтерді жібереміз. Сонымен қатар, біз осы Клиенттеріміз жеке ақпаратты, нарық зерттеулерінен қорытынды шығаруға және қолданушыны талдауға және Клиенттерімізге бизнес талдауды қамту үшін пайдаланамыз. Бір Клиент үшін алынған сіздің жеке мәліметіңіз, оның мәліметті қалай қолданып, қорғап және басқаша өңдеуі туралы деректерді сол Клиенттің құпиялылық саясатынан оқыңыз. Біз және Клиенттеріміз әртүрлі ақпаратты, соның ішінде біздің, Клиенттеріміздің немесе үшінші тараптың сіз туралы Жеке мәліметтерін біріктіруіміз мүмкін. SMG жиналған мәліметті осы Құпиялылық саясатында көрсетілген кез келген мақсатта пайдалана алады, және де біздің Клиенттеріміз біріктірілген мәліметті өздерінің құпиялылық саясатында көрсетілген кез келген мақсатта қолдана алады.
- **Заңды міндеттерді орындау және заңды құқықтарды қолдану** Сізден жинаған мәліметті біз, қажетінше, құқықтарды қорғауға, меншігімізді қорғауға, басқалардың меншігі мен қауіпсіздігі үшін жібереміз, немесе қажет кезде, сыртқы аудит, міндеттерді орындауда, құрылымды басқаруда көмек ретінде жібереміз. Біз Жеке мәліметтерді, қажет кезде, шақыру қағазы, дерек қорғау органының үкімі, заңды үрдіс, өкімет тапсырысы немесе басқа да заңды немесе нормативті міндеттерге жауап қайтару үшін ұсынамыз, әр жағдайда, ол сіздің еліңізде орналаспаған нысан болуы мүмкін. Сонымен қатар, біз Жеке мәліметтерді қажет болса, құқық қорғау құралдарын қолдану немесе біз жасаған шығындарды шектеу үшін жібереміз.
- **Корпоративтік өзгерістерге қатысты деректерді беру** Сіз туралы мәліметті, оның ішінде, келесі жағдайларда нақты қайта құру, қосылу, сату, біріккен ұйым, белгілеу, аудару, алу және меншіктің басқа да өзгеруі немесе SMG немесе басқа да бөлімше компания (барлық жағдайда түгелдей немесе жартылай), оның ішінде, шектеусіз, қандай да бір банкротқа ұшырау немесе ұқсас үрдіске қатысты Жеке мәліметтерді береміз. Біз Жеке мәліметтерді берген кез келген орган, осы Құпиялылық саясатындағы мақсаттарға сай емес кез келген өңдеу мақсаттары және осы Құпиялылық саясатындағы тәжірибелерден едәуір бөлек мақсаттар

туралы сізге хабарлама жіберуі керек. Заң бойынша талап етілсе, ондай орган сіздің келісіміңізді алуы қажет.

- **Жеке мәліметтерді басқа қызметтік мақсаттарды қолдану** Біз сіздің Жеке мәліметтеріңізді сонымен қатар, басқа заңды қызметтік мақсаттарда, оның ішінде, қызметтерді дамыту және SMG қызметтерін басқаруда пайдаланамыз.

6. ЖЕКЕ АҚПАРАТТЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Сіздің Жеке мәліметтеріңізді біздің құжаттарда, бастапқыда алынған мақсатқа қажетті уақыттан артық сақтамаймыз. Мәліметтер бастапқыда алынған мақсатқа бұдан былай қажет болмаса, заңды міндеттерге сәйкес жағдайлардан басқа, біз сіздің барлық электрондық Жеке мәліметтеріңізді қауіпсіз түрде өшіріп, барлық қағаз түріндегі Жеке мәліметтеріңізді қауіпсіз түрде жыртамыз.

7. ЖЕКЕ АҚПАРАТТЫ ӨНДЕУГЕ ҚАТЫСЫ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗ БЕН ТАҢДАУЛАРЫҢЫЗ

Сіз сауалнамаға қатысуды кез келген уақытта тоқтатуыңызға болады, ол үшін SMG қызметтеріне кірмеуіңізге болады.

Егер сіз жеке мәліметтеріңізге қатысты нақты әрекетке сұраныс жасау құқығын беретін заңдары мен ережелері бар елде тұратын болсаңыз, ондай заң немесе өкімде көрсетілген нақты құқықтарыңыз болады, оның ішінде, кіруге, түзетуге сұраныс жасау құқығы (мысалы, өзгерістер мен қосымшалар) немесе жеке мәліметтеріңізді өшіру, деректеріңізді беру құқығы (яғни, деректерді өткізу), жеке мәліметтеріңізді өңдеуді шектеу, сонымен қатар, жеке мәліметтеріңізді өңдеуге қарсылық білдіру, келісімді қайтып алу, тіркеу деректеріңізді қайтару немесе басқару органына шағым жасау құқығы. Мұндай сұраныстардың бәрі қолданыстағы заңдар мен ережелерде көрсетілген параметрлерге сай өңделеді.

Егер сіз Еуропалық одақта тұратын болсаңыз, Деректерді қорғау жалпы ережелеріне сай, сіздің SMG қызметтерінен жеке мәліметтеріңізге кіру, түзету немесе өшіру, деректердің тасымалдануы, жеке мәліметтеріңізді өңдеуге шектеу, жеке мәліметтеріңізге өңдеуден бас тарту, келісімді қайтару, басқару органына шағым жасау құқығыңыз бар. Егер сіз Еуропалық одақтан тыс жерде тұратын болсаңыз, жергілікті заңға сай, сізде нақты деректерге қатысты құқықтарыңыз болуы мүмкін.

Осындай сұраныс жасау үшін, біздің деректерді қорғану маманына мына электрондық поштаға хабарласуға болады: privacyofficer@smg.com, Service Management Group, LLC, 1737 МакГи көшесі, Канзас қаласы, MO 64108.

8. ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРМЕУДІҢ САЛДАРЫ

Біздің сауалнамаға қатысу әркімнің өз еркінде, егер сіз сауалнама сұраған барлық мәліметті бермесеңіз, сіз арнайы мадақтар, сыйықылар берілетіндердің санатына кірмейсіз.

9. СОOKIE ФАЙЛДАРЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСАТ

9.1. Cookie файлдары дегеніміз не

SMG және біздің қызмет көрсетушілеріміз кіші мәтінді cookie деп аталатын файлдарды пайдаланады. **Cookie** файлдары шағын компьютер файлдары, оларға сіз компьютеріңіз, қолданушы akkaунты, күйге келтірулері, браузер оқиғалары және

қызметтерді пайдаланған кездегі жұмыстар туралы мәліметтері бар веб браузер немесе компьютер, мобильдік құрылғы немесе планшеттің қатты дискісі арқылы кіріп, жібере аласыз. Әдетте, соokie файлдарын олар шыққан доменнің атынан (интернеттегі орны), соokie файлдарының әрекет ету мерзімі (яғни, уақыты өткен кезде) және кездейсоқ таңдалған жеке нөмір мен анықтауыштан тұрады. Cookie файлдары жеке мәліметтермен байланысқан болуы мүмкін.

9.2. Біз соokie файлдары мен деректер жинау құралдарын қалай қолданамыз

Cookie файлдары бізге SMG қызметтерін жақсартуға көмектеседі, олар арқылы навигация ерекшеліктері бақыланады және SMG қызметтерімен тәжірибеңіз сәйкестендіріледі. Бұл бізге SMG қызметтері туралы техникалық және навигациялық мәліметті талдауға мүмкіндік береді және алаяқтықты анықтау мен алдын алуға көмектеседі.

Сонымен қатар, біз соokie файлдары мен деректер жинау құралдарын (веб маяк және сервер журналдары сияқты) жалпылама айтқанда “**деректер жинау құралдары**”, SMG қызметтерін жақсартуға көмек үшін, мысалы, сіз бізге қайта келгенде, сізді есте сақтау үшін, маөзмұны сізге сәйкес болу үшін қолданамыз.

SMG қызметтері деректер жинау құралдарын сіз SMG қызметтеріне кіруге қолданатын құрылғыдан мәлімет жинау үшін пайдаланды, ол қызметтерге келесілер кіреді: оперативтік жүйенің типі, браузердің типі, домен, басқа күйге келтірулер, сіздің жүйенің тілі және құрылғыңыз орналасқан ел мен уақыт белдеуі.

9.3. Cookie файлдарын басқару

Браузердің күйге келтірулері арқылы веб браузерде көптеген Cookie файлдарын басқаруға болады. Кейбір веб браузерлерде (оның ішінде, мобилдік веб браузерлер) Cookie файлдарын қайтару немесе файлдар компьютеріңіз бен мобилдік құрылғыңызға орналасқан кезде, сізді ескертетін күйге келтірулер бар. Мобилдік құрылғыңызды тиісті күйге келтіріп, мобилдік құрылғы анықтағыштарын жоюыңызға болады. SMG соokie файлдарын немесе мобилдік құрылғы анықтағыштарын бұғаттау немесе жою арқылы оларды қабылдамауыңызға болады, сонда сіз SMG қызметтерінің барлық ерекшеліктеріне кіре алмайсыз. Оған қоса, егер сіз біздің вебсайт және/немесе қосымшалардағы соokie файлдарын қолдануға сіздің келісіміңізді керек ететін құзырлығы бар жерде болсаңыз, сол вебсайт және/немесе қосымшалардағы соokie файлдарын басқаруға мүмкіндігіңіз болады; осындай вебсайттар мен қосымшалардағы негізгі қызметтерге мүмкіндік беретін нақты соokie файлдары қажет болатын кездерден басқа және егер сіз осы файлдарды болдырмауды таңдасаңыз.

10. ЕСЕПТІК ЖАЗБАҢЫЗ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БАСҚАРУ

Біздегі сіз туралы деректердегі нақты сәйкессіздіктерді басқару және түзету үшін, тиісті SMG қызметтерінің аккаунт бөлігіне кіресіз. Егер жеке мәліметтеріңізге кіру немесе түзету туралы сұрақтарыңыз болса, біздің деректерді қорғау маманына мына электрондық поштаға хабарласуға болады: privacyofficer@smg.com, Service Management Group, LLC, 1737 МакГи көшесі, Канзас қаласы, MO 64108.

11. БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

SMG қызметтері жалпы бұқараға арналған, және кез -келген біз жұмыс жасайтын құзырлықтағы жеке мәліметтерін өңдеуге келісім бере алмайтын жастағы балаларға арналмаған. Біз ондай тұлғалардан Жеке мәліметтерді біле тұра жинамаймыз. Егер сіз жеке мәліметтерін өңдеуге заң бойынша келісім бере алмайтын жастағы баланың бізге

жеке мәліметтерін ата-анасының рұқсатынсыз бергенін білсеңіз, біздің деректерді қорғау маманына мына электрондық поштаға хабарласуға болады: privacyofficer@smg.com, Service Management Group, LLC, 1737 МакГи көшесі, Канзас қаласы, MO 64108. Егер біз жеке мәліметтерін өңдеуге заң бойынша келісім бере алмайтын жастағы баланың бізге жеке мәліметтерін ата-анасының келісімінсіз бергенін білсек, біз тез арада баланың аккаунтын жабу мен сондай мәліметтерді өшіру шараларын жасаймыз.

12. ҮШІНШІ ТАРАП ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ СІЛТЕМЕЛЕР

SMG қызметтерінде SMG байланысы жоқ **үшінші тарап вебсайттары мен қызметтеріне** сілтемелер болуы мүмкін. Үшінші тарап қызметтеріне сілтемелер, онда берілген мәліметтің сапасы мен нақтылығын растайтынымызды білдірмейді. Үшінші тарап қызметтеріне кіретін болсаңыз, сіз берілген құпиялылық саясатындағы тәжірибелерге емес сол үшінші тараптың құпиялылық тәжірибесіне жүгінесіз.

13. АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІ

SMG компаниясында Жеке ақпараттың құпиялығы мен қауіпсіздігін сақтауға көмектесетін техникалық, физикалық және ұйымдастыру шараларын жасайтын, жеке мәліметтің толықтығы, қолжетімділігі мен құпиялығын, жеке мәліметіңіздің жоғалуы, дұрыс қолданылмауы, рұқсатсыз өзгеруі мен бұзылуын болжалды қауіптен қорғайтын мәлімет қорғау бағдарламасы жоқ.

Дегенмен, рұқсаты жоқ үшінші тараптың жағынан жеке мәліметтерді өңдеу, дұрыс қолданбау, өзгерту, бұзу, бұзып ашу және/немесе кіру қаупі бар. Деректерді желіде немесе жүйеде беру толықтай қауіпсіз болмайды. SMG Жеке мәліметтеріңізді қорғау үшін жасайтын техникалық, физикалық және ұйымдастыру шараларына қосымша, өз жеке мәліметтеріңізді қорғау үшін тиісті қауіпсіздік шараларын жасауыңыз керек. Егер сіздің SMG аккаунтыңыз немесе сіз берген мәліметтер одан әрі қауіпсіз емес деп есептесеңіз, дереу біздің деректерді қорғау маманына мына электрондық поштаға немесе телефонға хабарласыңыз: privacyofficer@smg.com, 1-800-764-0439, Service Management Group, LLC, 1737 McGee көшесі, Канзас қаласы, MO 64108.

14. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ЖЕКЕ АҚПАРАТТЫ БАСҚА ЕЛГЕ ЖІБЕРУ

SMG компаниясы SMG қызметтерін Америка Құрама Штаттарынан бақылап, жүзеге асырады. SMG АҚШ, Ұлыбритания, Жапония және Еуропалық одақта немесе Азияда орналасқан басқа да елдерде жеке мәліметтеріңізді жіберу, сақтау және өңдеу жұмыстарын жасайды. Жеке мәліметтеріңіз жіберілетін елдің деректерді қорғау және құпиялылық заңдары, сіздің елдегі заңдар сияқты толық болмауын ескеріңіз. Мысалға, АҚШ-қа жіберілетін Жеке ақпаратқа АҚШ федералдық және мемлекеттік құзырлы органдары заңдарына сай қатынасуға болады.

Еуропалық экономикалық аумақтан (“ЕЕА”) АҚШ-қа кез келген жеке мәліметтерді жіберу, Еуропа-АҚШ Құпиялықты сақтау бағдарламасына сай жүзеге асырылады. SMG Жеке ақпаратты жинау, қолдану және ЕЭА территориясынан алуды, Еуропа-АҚШ Құпиялықты сақтау бағдарламасы куәлігінде көрсетілгендей, Еуропа-АҚШ Құпиялықты сақтау бағдарламасының қағидаларын орындайды. Құпиялықты сақтау бағдарламасын қараңыз: [осында](#). Құпиялықты сақтау бағдарламасын толықтай [оқыңыз](#). SMG Федералдық сауда комиссиясының бақылауында және бұзылуға әкелген жағдайға жауап бермейтінін дәлелдегеннен басқа жағдайларда, үшінші тарапқа жіберілетін жеке мәліметтердің Құпиялықты сақтау бағдарламасына сәйкес өңделуіне жауапты. Жеке мәліметтерді ЕЭА аумағынан тыс жерлерге жіберу осы Құпиялықты сақтау саясаты мен заңнамаларға сай жүргізілуі тиіс. Егер біздің құпиялықты сақтау бағдарламасына

қатысты шағымдарыңыз болса, деректерді қорғау маманына мына электрондық поштаға хабарласуға болады: privacyofficer@smg.com Service Management Group, LLC, 1737 МакГи көшесі, Канзас қаласы, МО 64108. Сіз тегін түрде, біздің таңдаған тәуелсіз дауларды шешетін органға, Америкалық арбитрлер ассоциациясына жүгінуіңізге болады, белгілі бір жағдайларда Құпиялықты сақтау бағдарламасы арбитрлер үрдісін шақыруға болады.

Берілген ағылшын тіліндегі Құпиялық саясаты – SMG компаниясының SMG қызметтеріне қатысты құпиялық тәжірибелерінің ресми хабарламасы болып табылады. Берілген ағылшын тіліндегі Құпиялық саясаты мен басқа тілге аудармасы сәйкес келмеген жағдайда, осы ағылшын тіліндегі саясат басым болады.

Сіз сондай-ақ шағымды тегін, біздің таңдаған тәуелсіз дауларды шешу органына, Американдық Арбитраж Қауымдастығына (<http://go.adr.org/privacysshield.html>) сілтеме жасай аласыз және белгілі бір жағдайларда Privacy Shield арбитраж процесін шақырамыз.

15. БІЗБЕН ҚАЛАЙ БАЙЛАНЫСУҒА БОЛАДЫ

Егер құпиялық туралы сұрақтарыңыз болса, Жеке мәліметтеріңізге кіру немесе жаңартуда көмек қажет болса, немесе , Жеке мәліметтеріңізді өңдеуге қатысты шағымыңыз болса, біздің деректерді қорғану маманына мына электрондық поштаға хабарласуға болады: privacyofficer@smg.com

Сонымен қатар, келесі мекенжайға жазуыңызға болады:

Service Management Group, LLC
Кімге: Деректерді қорғау маманы
1737 МакГи көшесі
Канзас қаласы, МО 64108

Service Management Group, Ltd.
Кімге: Деректерді қорғау маманы
38-40 The Maltings
Св.Албанс
Хартфордшир AL1 3NL
ҰЛЫБРИТАНИЯ

Service Management Group G.K.
Кімге: Деректерді қорғау маманы
2-7-16 № 3 Комория ғимараты 9F
Хамматсу-хо, Минато-ку
Токио 1050013, Жапония

16. ДЕРЕКТЕР БАҚЫЛАУШЫСЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУҒА ЖАУАПТЫ ТҰЛҒА

SMG жинаған Жеке мәліметтерді Service Management Group, LLC басқарады, 1737 McGee көшесі, Канзас қаласы, МО 64108. біздің деректерді қорғау маманына мына электрондық поштаға хабарласуға болады: privacyofficer@smg.com Service Management Group, LLC, 1737 МакГи көшесі, Канзас қаласы, МО 64108.